

Қауымдық сервитутты белгілеу туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Самарқанд ауылдық округінің әкімінің 2019 жылғы 27 наурыздағы № 01-ш шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 сәуірде № 5278 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Самарқанд ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына талшықты-оптикалық байланыс желісін (ТОБЖ) жобалау, төсеу және пайдалану үшін, жер пайдаланушылардан жер учаскесін алып қоймай Самарқанд ауылында жалпы көлемі – 1,5000 гектар 3 (үш) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамы талшықты-оптикалық байланыс желісін (ТОБЖ) жобалау, төсеу және пайдалану үшін жер учаскелерін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтасын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Самарқанд ауылдық
округінің әкімі*

Е. Доненбаев